Бір көзден мемлекеттік алу сатып алу
жөніндегі комиссия отырысының
№7 хаттамасы

Мақат кенті «18» сәуір 2022 жыл

Төрағалық етуші, комиссия төрағасы: Е.Ермагамбетов – Мақат кенті әкімі;

Комиссия мүшелері: Г.Назарова – Мақат кенті әкімі орынбасарының міндетін уақытша атқарушы, А.Аманғалиқызы – Мақат кенті әкімі аппаратының бас маман-заңгері, А.Сарбалиева – Мақат кенті әкімі аппаратының бас маманы, А.Уразов – Мақат кенті әкімі аппаратының бас маман-есепшісінің уақытша міндетін атқарушы.

Комиссия хатшысы: Л.Оразбаева – Мақат кенті әкімі аппаратының бас маманы.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. *Мақат кенті, Береке көшесінен балалар ойын және спорт алаңының құрылысына жобалық-сметалық құжаттама жасақтау;*

Мақат кенті, Береке көшесінен балалар ойын және спорт алаңының құрылысына жобалық-сметалық құжаттама жасақтау жұмыстарына жергілікті бюджеттен 250,0 мың теңге қаражат бөлінді.

2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 37 бабының және 2015 жылғы 04 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 39-бабының 42 тармағының негізінде бір көзден мемлекеттік сатып алу ұйымдастырылсын.

Аталған заңды басшылыққа ала отырып, комиссия төрағасы және комиссия мүшелері күн тәртібіндегі мәселені талқылап, Мақат кенті, Береке көшесінен балалар ойын және спорт алаңының құрылысына жобалық-сметалық құжаттама жасақтау жұмыстары бойынша «Мақат кенті әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маман-есепшісінің уақытша міндетін атқарушы А.Уразовқа келесідей жұмыстар тапсырылды:

1. Мемлекеттік сатып алу порталының жоспарына өзгеріс енгізілсін;
2. Бір көзден мемлекеттік сатып алу үшін әлеуетті өнім берушілерді анықтау жұмыстары ұйымдастырылсын.

Комиссия төрағасы **Е.Ермагамбетов**

Комиссия мүшелері **Г.Назарова**

А.Аманғалиқызы

А.Сарбалиева

А.Уразов

Комиссия хатшысы **Л.Оразбаева**